

ұстаздың өз білгенін жастарға үйретуге күш-тарлығын, тіл ғылымының тылсым сырын, бай қазынасын жастарға үлестіруге, бөліп беруге асыққан ағартушылық ынтасын шәкірттері әзір ұмыта қойған жоқ, ұмытпайды да.

Мәскеуден берілген «Отличник высшей школы СССР» (1986 жылдың мамыр айында) және «Қазақстан Республикасы білім беру ісінің құрметті қызметкері» (2009 жылдың сәуір айында) деп аталатын атақтары ол кісінің еңбегінің жемісі.

Талғат Сайрамбайұлы Сайрамбаев – ғы-

лымда да, өмірде де үлкен мұра қалдырған, адалдықпен, пәктікпен, тынымсыз еңбекпен отбасына да, еңбек еткен ортасына да, әрбір шәкіртіне де сарқыла тағылым берген, әрбір дос-жаранына қимастай тұлға бола білген ардақты әке, асыл ата, жақсы жар, адал дос және ғалым-ұстаз.

Аяулы ұстаз, көрнекті ғалым, жастарға жақсы аға, жаны жайсаң қадірлі дос Талғат Сайрамбайұлы Сайрамбаев 2009 жылдың 20 қарашасында 73 жасында дүниеден өтті. Оның есімі әріптестері мен шәкірттерінің, туған-туыстарының есінен шықпайтыны хақ.

Ф.з.д., профессор Т. Сайрамбаев

ТІЛШІ-ҒАЛЫМ МӘУЛЕН БАЛАҚАЕВТЫҢ АЗАМАТТЫҚ, ҰСТАЗДЫҚ ҚЫРЛАРЫ ХАҚЫНДА

Бұл 1965 жылдың көктемі еді...

«Қызылорда пединститутына Мәулен Балақаев келіп, бір ай дәріс оқиды» деген хабар тарап, сол күн таянған сайын оқытушы-профессорлар құрамында ол кісіні тағатсыздана күтушілер қатары көп болды. Аты бүкіл елге танымал мұндай кісіні қалай күтеміз, қалай сөйлесеміз деген ішкі қобалжулар да байқалады.

Әрине, Қызылордаға бұған дейін де еліміздің түкпір-түкпірінен Сыр өлкесін тамашалауға сандаған сыйлы қонақтар келіп жататын. Олардың қатарында оқу орнына Мемлекеттік емтихан комиссиясының төрағалығына немесе арнайы курстар оқу үшін келетін зиялы қауым өкілдері де аз болмайтын. Әйтсе де Мәкеңнің орны бөлек-ті. Ол кісінің жасы мен жолы ғана үлкен емес-ті. Ең алдымен, Мәулен Балақаев туған тіліміздің белді де белгілі маманы, тіл білімінің бірнеше салаларында қалам тартқан айтулы ғалым, ондаған іргелі еңбектердің авторы болса, екінші жағынан, осындағы оқытушылардың басым бөлігі Мәкеңнің ізбасар шәкірттері еді. Ал кейбір оқытушылар атағы әйгілі ғалымды көруге ынтықса, енді бірқатарының «сабағымызға кіріп, дәріс деңгейімізді, білім дәрежемізді тексеруі де мүмкін-ау» деген күдікпен мазасы да кеткен сыңайлы. Өйткені өмір болған соң әртүрлі жағдайлар кездесіп жатады.

Мәселен, кейбір асыға күткен қонақтардың арасында елдің құрметі мен қошаметіне сыйпайлықпен, кішілікпен ізет жасап, мәдениеттілік танытатындар да, керісінше, өзін тым жоғары санап, кеткенше елдің ығырын шығаратындар да ұшырасып қалатын.

Ақиқатын айту керек, Мәкеңнің Қызылордаға келгендегі өзін-өзі ұстауы, дәріс беру кезіндегі әдеби, көңіл күйі, телегей-теңіз білімі, т.б. қасиеттері кімге болса да үлгі етуге тұрарлықтай еді...

Мәкеңнің Қызылордаға поезбен келуі, қарсы алушылардың бей-берекет мазасыздандырмай, әлдекімдердің тым пысықайлығы мен асыра сілтейтін «қонақжайлығына» да жол бермей, бірден қонақүйге түсуінен-ақ ол кісінің адами парасаты мен мәдениеті бірден аңғарылып еді. Институт ұжымының, жекелеген шәкірттерінің дастарқанға шақырған ізеттеріне де байыпты жауап қайтаратынды.

Мәкеңді қонақүйге орналастырған соң, ертең институтқа мен келіп алып баратын болып келістік. Кафедра ұжымы ол кісіні институтта күтетін болды. Оқу корпусының алдына үш студентті кезекшілікке тағайындадық. Келісім бойынша қонақүйге барсам, Мәкең институтқа өз бетінше жаяу кетіп қалыпты. Сөйтіп, Мәкең Қызылорда көшесімен аяндап, асықпай институтқа да жетеді. Инсти-

тут алдында кезекшілер тұрады. Мәкең ішке кірмек болса, кезекші студенттер:

– Біз академик Мәулен Балақаевты күтіп тұрмыз. Ішке кіруге рұқсат жоқ деп, Мәкенді ішке кіргізбепті. Сонда Мәкең биязы қалпын өзгертпестен:

– Еліміздің жас ұланы – студенттер, сендердің тәртіп сақтағандарың да, үлкен адамды құрметтеп күткендерің де, оқытушыларыңның тапсырмасын бұлжытпай орындағандарың да өте дұрыс екен. Ендеше, сол күткен адамдарың – Мәулен Балақаев деген мен боламын. Мені ішке жібересіңдер ме? – деп, әрі қалжындай, әрі ешқандай дауыс көтермей сыпайы ғана жымия сөйлегенде, кезекші студенттер аң-таң қалыпты.

Мәкеңнің Қызылордадағы алғашқы бірер күні институт ұжымымен, факультет тынысымен танысуға арналды. Ретіне қарай бірді-екілі кісілердің үйінен де дәм татуға келісім берді. Мәселен, қазақ әдебиеті кафедрасының меңгерушісі А.Түрбековтің үйінде болды. Кең дастарқан. Қонақтар да көп. Бірақ бәрі де Мәкеңнің әдептілігі мен сыпайылығына елтіп қалғандай. «Дәстүрлі» у-ду, орынды-орынсыз өзіл-оспақтың орнын аса бір ілтипатпен айтылатын әдемі сөз, қисынды қалжың алмастырғандай. Мәкең өзінің құрдасы Ісмет Кеңесбаевпен арадағы кейбір оқиғаларды тілге тиек етіп, көңілді отырды. Айналасындағылардың өзінің ыңғайына бағынып кеткенін байқаған ұстаз:

– Сендер менің ырқыма жығыла бермей «өздеріңнің саясаттарыңды» да ұмытпаңдар, мұндай басқосуды дұрыс пайдаланыңдар, – деп кеңдік танытқанмен, ешкім де ондай еркіндікке бой алдырмады. Осы тұста бір айта кететін жайт – Мәкең ас қамымен жүрген қыз-келіншектердің де ер-азаматтермен тең отырып, әңгімеге еркін араласып отыруына назар аударды.

Осындай бір отырыста сөз алған Алма жеңгеміз (филология факультетінің деканы Нұрлыбек Жүнісовтың жұбайы):

– Мәке, өзіңізбен Алматыда әлденеше рет кездесіп, қонақта да бірге болып едік. Сол кезде де Сіз қыз-келіншектердің үстел басында бірге отыруын қалап едіңіз. Сіздің бұл ісіңіз біздің жігіттерге үлкен сабақ болды. Сонымен бірге олардың біздің алдымызда әдептілік, инабаттылық сақтауына, бізбен санасуына, орнықты да салмақты ұстауына Сіздің әсеріңіз өте үлкен. Қазір өзіңіздің

кітабыңызда (Тіл мәдениетінде) айтатындай, «былапыт сөздер» ойдан да, бойдан да алыстады. Сондықтан біздер, қыз-келіншектер, өзіңізге мың алғыс айтамыз, – деді.

Арада біраз күн өткен соң, кафедра меңгерушісі Рахметолла Сәрсенбаев Мәкеңнің қай пәндерден дәріс оқитындығын сұрады. Мәкең синтаксистен оқулықтардың бар екенін айта отырып, мүмкіндігінше, өзі бастаған тіл мәдениеті мен стилистикадан оқуды қалады.

Бұл тіл мәдениеті пәні жаңа қолға алына бастаған кез еді. Оның негізін қалаушы – Мәкеңнің өзі. Оның үстіне, осы саладағы Мәкеңнің дәрісі өте қызықты әрі тартымды болды. Ол кісінің мысалдары да өзгеше еді. Сонымен қоса ұстаз өзінің ғылым саласында бастан кешкен қызықты естеліктерін де орында кірістіріп отыратын.

Мәкең сондай сәттің бірінде мынадай оқиғаны айтып берген-ді:

«Ленинградта аспирантурада оқып жүрген кезімізде Малов, Боровков, Мещанинов сияқты ірі ғалымдардың дәрістеріне қатысып жүрдік. Бірақ олардың әрқайсысы әртүрлі оқу орындарында істейтіндіктен, дәрістері қатар келіп қалатын да кездері болатын. Әлі есімде, бірде кезекті дәрістен шыға сала келесі ғалымның дәрісіне үлгеру үшін автобус, троллейбуспен бару керек, бірақ оған үлгері алмаймыз. Көп жерді айналып баратын транспорттан гөрі, алдымыздағы қатып жатқан өзеннен жаяу өткен жылдамырақ болатын. Бірақ күн жылына бастаған шақ болатын. Сонда да үш жігіт мұздан өтуге тәуекел еттік. Судың ортасына жақындаған кезде мұздың сыр бере бастағаны. Абырой болғанда үшеуміз де жақсы жүзетін едік. Соның арқасында ғана арғы жағаға өздері дегенде аман жеттік-ау...». Осы сөзінен ол кісінің жас кезінен-ақ ғылымға құмарлығы айқын аңғарылар еді.

Мәкеңмен әр кездесу студенттерге жаңа бір әлемнің есігін ашқандай әсер берді. Тыңдаушылардың саны да күннен-күнге арта түсті. Мәкеңнің дәрістері құр баяндаумен шектелмейтін, сұрақ-жауап, пікірталас түрінде өте қызықты өтетін. Ол кісінің дәріс оқудағы шеберлігі материалды жүйелі жеткізуінен, қағазға қарамай-ақ мысалдарды нақты әрі тартымды келтіруінен, өзін-өзі ұстауынан, тіпті тыңдаушыларымен тең сөйлесуінен де ерекше көрінді. Сондықтан да оның тағылымы айрықша болды.

Соншама білімді, терең парасат иесі Мәкен ешкімнің сабағына кіріп, олардың кұқына қол салуды қаламады. «Мен дәріс оқу үшін келдім. Бәрің де бір-бір саланың мамандарысыңдар ғой, несіне кіремін?» – деп, көңілінде аландаушылық бар оқытушылардың көңілін де жайландырып қойды.

Мәкеннің Қызылордаға қатынасы туралы да сұрақтар қойылып жатты. Соның барлығына да аса байыптылықпен жауап берді. Өзінің жетім қалған күндерінде Қармақшыдағы нағашыларының қолында екі жылдай тұрғанын, сол жерде мектепте оқығанын айтты берді. Өзі де қолы босаған уақыттарда қаланың сыртын, Сырдың жағалауын еркін аралағаны бар. Сыр жағасында балық та асылып, қонағымыз оны сүйсініп жегені бар. Араға бірнеше жылдар салып оралған Сыр өңіріне деген жайма-шуақ көңілін де білдіруді ұмытпайтын.

Мәкеннен алған тағы бір өмір сабағымыз киіну мәдениетіне қатысты болды. Қандай жағдайда да Мәкеннің шалбарының қыры сынбайтын, тап-таза қалпында тұратын. Сөйтсек, Мәкен бір костюмге екі шалбар тіктіреді екен. Сондықтан оның таза әрі мінсіз болуына мүмкіндік болады екен. Қарапайым нәрсе сияқты көрінгенімен, мұның өзі ол кісінің мәдениетін танытар еді.

Мәкенмен болған бір ай осылай өте шықты. Осы уақыт ішінде ол кісіні тіпті жақын тани түстік. Ол кісінің білімдарлығына ғана емес, адами қасиеттеріне де тәнті болдық. Бүкіл жұрт кетерінде аса бір қимастықпен қоштасты.

Талгат Сайрамбаев. Преподавательские черты лингвиста-ученого Маулена Балакаева.
Talgat Sayrambaev. Teaching features of the linguist and scientist Maulen Balakaev.

Ф.ғ.д., профессор Т. Сайрамбаев

ҰСТАЗ ЖӘНЕ ОНЫҢ ШӘКІРТТЕРІ

Қазақ тіл білімін қалыптастыруда А.Байтұрсыновтың, Қ.Жұбановтың еңбегі ерекше болды. Ал Қ.Жұбановтың шәкірті М.Балақаев еді. Егер А.Байтұрсынов, Қ.Жұбановтар қазіргі қазақ тілінің негізін қаласа, І.Кенесбаев, Н.Сауранбаев, С.Аманжолов, Ғ.Мұсабаев, М.Балақаевтар сол істің жан-жақты қалыпта-

Ол кезде мен кандидаттық диссертациямды қорғағанмын. Бірақ әлі бекітілмегендіктен, көңілімде аландаушылық та жоқ емес еді. Соны сезген ұстазым телефонмен әр сөйлескен сайын маған дем беріп, қанаттандырып отыратын.

Бір күні Москвадан – Мәкеннен хат алдым. Сөйтсем, Мәкен демалысқа барар жолда ВАК-қа кіріпті. Соның жауабын ерінбей маған қысқаша етіп былай жазыпты: «Талгат, мен Карлова Варага кетіп бара жатып, Москвада ВАК-қа кірдім. Сенің жайыңды білу үшін әдейілеп барғанымда, маған айт-қаны мынау болды: «Диссертация отзývқа жіберілді. Содан әлі жауап жоқ. Жақында тез-дет деген хат жаздық, жақын арада жауап келеді». Біраз күн шыда. Бітер істің ерте-кеші жоқ. Жөнге келер. 9.VI.67. М.Балақаев». Міне, нағыз ұстаздық, ағалық қамқорлықтың осыдан асқан қандай үлгісі болмақ?!

Қарап отырсам, Мәкен ол кезде 60-тар шамасында екен. Сыр елін, жыр елін өзі де жақын таныды, ол елге өзі де мол әдемі әсер қалдырды. Жаны жақсы адамның жан жылуы көпке жетеді екен. Мәкенмен бірге болған сол бір ай өмірімдегі аса бір бақытты шақтарым екен. Көңіл төрінде «Шіркін, Мәкен ортамызда болса ғой!» деген де арман жоқ емес. Асылы, армандай алған адам болашаққа бағыл қадам жасайды!

Мәкен тағылымы осы...

1. Т. Сайрамбаев. Қазақ тіл білімінің мәселелері. Сөз тіркесі. Алматы «Арыс» 2010 жыл. 606-608 беттер.

суына еңбек сіңірді. Сол салаға кадрлар дайындады.

Мәкен қазақ тіл білімінің барлық саласында еңбек етті. Ғылыми жұмыстарының тізіміне қарап отырып, ол кісі қалам тартпаған грамматика саласы жоқ деп айтуға болады. Бірақ сол салалардың бәрімен де байланысы болға-